

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің №47 «Балауса» бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы

11.02.2026 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Жібек жолы ауданы, Ақбұлым алабы, Наурызым 116А.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің мүшелері, бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

ТЫНДАЛДЫ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Маниева Жаркынай Шадиковнаның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Маниева Жаркынай Шадиковна – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрымғына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №47 «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың 8 қаңтары мен 18 ақпаны аралығында 2025 жылдың II-жартыжылдығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №47 «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

2026 жылғы 5 қаңтардағы № 6 бұйрығына және 2026 жылдың 10 қаңтардағы 39/1 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2025 жылдың II-жартыжылдығы.

Масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2025 жылдың 18 желтоқсанында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күні туралы хабарландыру масс-медияда 2026 жылдың 4 ақпанында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланды.

Іс-шара сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты.

ШЕШІМ:

1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым

Хатшы



Handwritten signature in blue ink.

Ж.Ш.Маниева

Ж.Наримбетова